

Даурыкбаева Ш.А., Жантөре Н.М.
химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
география пәні мұғалімдері
E-mail: daurykbaeva_s@krg.nis.edu.kz

КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ӘДІС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАҒАЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ

Action Research – бұл оқу мен оқыту тәжірибесін жетілдіру мақсатында алынған нәтижелердің жүйелі мониторингімен бірге жоспарланған, кезекті іс – әрекеттердің орындалуын көздейтін тәсіл. Зерттеу – оқытушылар жүргізетін жүйелі үйрену болып табылады.

Педагогикалық тәжірибе дегеніміз – қоғамдық педагогикалық қызметтің бастауы ретінде, нақты жағдайларды, оқушылардың және жеке тұлғаның ерекшеліктерін ескерумен бірге, педагогтың жұмыс тәжірибесінде педагогика заңдары мен принциптерін белсенді түрде меңгеруі және іске асыруы. Озат педагогикалық тәжірибе – оқушыларды оқытуда және тәрбиелеуде жаңа идеялар тұрғысынан зерделеуге итермелейді. Оның мақсаты жан-жақты жетілген, заман талабына сай қабілетті тұлғаның қалыптасуы мен дамуына ықпал жасауда инновациялық бағыттағы жұмыс түрлерін ұйымдастыру мектеп жасындағы тұлғаның толыққанды дамуына белсенділік, жауапкершілік танытатын педагог қауымына инновациялық жұмыс түрлерін ұсыну. Озат педагогикалық тәжірибе – педагогтың шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі. **Педагогикалық озат тәжірибенің мағынасы:** шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды. Сондықтан, бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Жай шеберлік пен жаңашылдық арасындағы айырмашылықты көру қиын, себебі педагог ғылымда белгілі принциптер мен әдістерді қолданып, қол жеткен жетістіктермен шектелмейді, жаңа әдістерді қолданып немесе ескі әдіс-тәсілдерді тиімді етіп ұштастырып, бірте-бірте жаңашыл болады, олай болса кез келген жақсы тәжірибені оқыту тәжірибесіне енгізуге болады. Бірақ жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесін жан-жақты талдап, қорытындылап тарату керек. Осы принципті негізге ала отырып 10 сыныптарда «картографиялық әдіс арқылы оқушылардың бағалау дағдысын дамыту» мақсатында зерттеу сабағы жоспарланды.

Оқу бағдарламасына сәйкес 10 сыныптарда «Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси-географиялық жағдайы» тақырыбында сабақ өткізілуі жоспарланды. Сабақтың оқу мақсатына сәйкес оқушылар Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық

және саяси-географиялық жағдайына кешенді баға беру қажет болды. Сабакты жүзеге асыру үшін сыныптарда бақылаушы және эксперименттік топтар құрастырылды. Бақылаушы топта оқушылар дайындалған мәтіндерді қолдана отырып Қазақстанның экономикалық-географиялық және саяси-географиялық жағдайына SWOT анализ жасау қажет болды. Эксперименттік сынып оқушыларына Қазақстанның экономикалық-географиялық және саяси-географиялық жағдайына SWOT анализ жасау үшін дүниежүзінің саяси, физикалық, көліктік және климаттық карталар берілді.

1-ші тапсырма шарты бойынша бақылаушы топ оқушылары берілген «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» мәтінін оқып, еліміздің экономикалық-географиялық және әлеуметтік-географиялық жағдайының тиімді және тиімсіз жақтарын, сонымен бірге географиялық орналасуының болашақта еліміздің экономикасына беретін мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді болжау керек болды.

2-ші тапсырма шарты бойынша бақылаушы топ оқушылары берілген «Қазақстанның саяси географиясы» мәтінін оқып, еліміздің саяси-географиялық жағдайының тиімді және тиімсіз жақтарын, сонымен бірге географиялық орналасу болашақта еліміздің экономикасына беретін мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерді болжау керек болды.

Эксперименттік сыныпта, оқушылары 3 топқа бөлініп жұмыс жасады, әр топта 3 оқушыдан. Әр топта оқушылар сабақ барысында картографиялық әдісті қолдана отырып Қазақстанның географиялық орналасуының әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайына баға беруі қажет болды, сонымен қоса болашақ Қазақстанның саяси-географиялық жағдайын болжау керек болды. Сондықтан оқушылар 1-ші тапсырмада саяси картаны қолдана отырып еліміздің саяси-географиялық орналасуына баға берді, бірінші кезекте мұғалімнің түрткі сұрақтарын қолдана отырып, оқушылар Қазақстанның көрші мемлекеттеріне баға берді яғни, экономикалық даму деңгейі, халық санын анықтады. Сонымен бірге, «Дүниежүзілік қақтығыстар» картасын қолдана отырып, топ оқушылары Қазақстанның дүниежүзінің «ыстық нүктелеріне» қатысты орналасуы бойынша күшті және әлсіз жақтарына баға берді. Оқушылар карталарды және қосымша берілген материалдарды қолдана отыра, SWOT талдауларында Қазақстанның мықты тұстарына Қытай және Ресей сияқты саяси, экономикалық және демографиялық тұрғыдан алпауыт елдермен тікелей шектесетінімізді айтты, әлсіз тұстарымызға оңтүстікте «ыстық нүктелер» ішкі қақтығыстар болып жатқан Ауғанстан сияқты мемлекеттерге жақын орналасқанымыз айтылды, сонымен қатар, батыс Қазақстан аймақтары қақтығыс аймақтарына жақын орналасқаны айтылып өтілді. Оқушылар SWOT талдау жасай отыра, оқушылар болашақ саяси мүмкіндіктерге мысал келтірді, Ауғанстан мемлекетінде

саяси тұрақтылық орнатуға ат салысу арқылы халық саны үлкен Пәкістан және Үндістан елдеріне шығуға мүмкіндік алатынымыз айтылды, қауіп-қатерлерге қақтығыстар болып жатқан елдер әсерінен Қазақстанның ішкі тұрақтылығына қауіп төнуі мүмкін делінді.

2-ші тапсырманы орындау барысында оқушылар дүниежүзілік саяси, көлік, топырақ және пайдалы қазба қарталар бойынша еліміздің экономикалық-географиялық жағдайына SWOT талдау жасау керек болды. Оқушылар саяси картаны қолдану арқылы Қазақстан Ресей, Қытай және Өзбекстан саяқты халық саны көп, сұранысы жоғары елдермен көрші орналасқанымыз айтылды. Сонымен қоса, дүниежүзінің көліктік картасын қолдана отырып Қазақстан арқылы «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» автодәлізі және «Солтүстік-Оңтүстік», «Транскаспий» теміржол дәліздері өтетіні сипатталған. Топырақ картасын қолданудың артықшылығы, еліміздің солтүстіктегі қара және қоңыр топырақ алқаптары дәнді дақыл өсіруге қолайлығы айтылды және ең басты артықшылығымыз бай пайдалы ресурстар қоры айтылды.

Қарталар топтамасын зерделей келек еліміздің әлсіз тұстарын да айтты атап өтетін болсақ, оңтүстікте халық саны аз, экономикалық сұранысы төмен елдермен шектесетініміз айтылып, сонымен қоса Ауғанстанда тұрақсыздық орнымағандықтан, ірі нарығы бар Пәкістан және Үндістанмен тығыз экономикалық қарым-қатынас орната алмайтындығымыз аталып өтілген. Сонымен бірге, басты әлсіз тұстарына дүниежүзілік мұхит яғни, басты сауда жолдарына тікелей шыға алмайтынмыз айтылған. Көліктік карта арқылы, мұнай өтетін құбырлар шет елдер арқылы өтетіні экономикалық және саяси тұрғыдан осал тұс екені айтылды. Қазақстанның экономикалық-географиялық мүмкіндіктеріне Каспий теңізі арқылы Иран және Әзірбайжан мемлекеттерімен тығыз сауда-саттықты дамыту, яғни Каспий теңіз инфрақұрылымын дамыту және Моңғолия елімен тығыз қарым-қатынас орнату аталып өтілген. Көліктік қарталарды қолдану арқылы еліміздің басты сауда дәліздері шетел территориялары арқылы өткендіктен Қазақстанның басты қауіп-қатеріне дүниежүзі елдерімен сауда-саттықта көршілеріне тәуелділікті атап өтуге болады.

Оқушылар сабақ барысында Қазақстанның саяси және экономикалық-географиялық жағдайына SWOT талдау жасау үшін бірнеше тақырыптық қарталарды сәйкестендіре жұмыс жасады.

Сабақ соңына қарай сабақты бекіту мақсатында мұғалім дұрыс жауаптар нұсқасын көрсетті, дұрыс жауаппен салыстыра отыра топтар «карусель» әдісін қолданып, бір-бірін бағалады. Әр топ 2 рет бағаланды. Бағалау жұмысын жүргізу үшін оқушыларға тексеріс парағы, «яғни чек лист» таратылып берілді және сабақ аяқталғаннан кейін оқушылардың сабақты меңгеру деңгейі мұғалімдер тарапынан тексеріліп шықты.

Топ	Чек-лист бойынша мұғалімнің бағалауы (20 балл)	Чек-лист бойынша топтардың өзара жұмыстарын бағалауы		Чек-лист бойынша тексерістегі мұғаліммен оқушы арасындағы балдар айырмашылығы	
		1-ші бағалану	2-ші бағалану	1-ші бағалану	2-ші бағалану
I	18	20	19	2	1
II	19	19	20	0	1
III	17	17	17	0	0

1-кесте. Чек-лист бойынша мұғалімнің және оқушылардың өзара тексерісі

Топтардың болжам жасау әрекетін топтардың өзара бағалауы мен мұғалімнің бағалауындағы айырмашылық 0-2 ұпай. **Өзара бағалау барысында оқушылар бір-біріне келесі ұсыныстарды келтірді:**

- Мысалдар негізінде өз болжамдарын дәлірек негіздеу.
- Болжамның бірнеше нұсқасын келтіруге болады.

Қазақстанның географиялық жағдайына талдау жасау үшін картографиялық әдістің тиімділігі бойынша кері байланыс алынды. Кері байланыс сұрақтары «Картографиялық әдіс мемлекеттің саяси-географиялық жағдайын бағалауға көмектеседі», «Картографиялық әдіс мемлекеттің экономикалық-географиялық жағдайын бағалауға көмектеседі» және «Түрткі сұрақтар әдісі мемлекеттің саяси және экономикалық-географиялық жағдайын бағалауға көмектеседі».






1-диаграмма. Оқушылардан сабақ соңында алынған кері байланыс

Деректерді талдау картографиялық әдіс 80% оқушыларға саяси-географиялық және 70% оқушыларға экономикалық-географиялық болжам жасауға ынталандыратынын байқауға мүмкіндік береді.

Түрткі сұрақтар 70% оқушыларға саяси-географиялық және мемлекеттің экономикалық географиялық жағдайын болжауға көмектесетінін аңғартады.

Тарау соңында оқу мақсаты бойынша бөлім бойынша жиынтық бағалау алынды, нәтижесі төменгі графикте көрсетілген. Графиктегі мәліметтерге назар аударсақ, картографиялық әдіс арқылы Қазақстанның саяси, әлеуметтік және экономикалық-географиялық жағдайын бағалаған эксперименттік сыныпта нәтижелері бақылау тобынан жоғарырақ болды.



Бөлім бойынша жиынтық бағалау келесі нәтижелер көрсетті: эксперименттік сыныпта орташа балл 11 балл, ал бақылау сыныбында 8,6 балл яғни, орташа балл айырмашылығы 2,4 балл. Бақылау тобында 1 оқушы ғана 11 балл алды, ал эксперименттік сыныпта 7 оқушы 11 балл жинай алды.

Қорыта келе айтсақ, картографиялық әдісті тиімді қолдану сабақта жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушылардың бағалау дағдыларын қалыптастыруға, жоғары деңгейдегі білімдерін шығармашылықпен жүзеге асыруға ықпал етеді. Картографиялық әдіс оқушыларға саяси-географиялық және экономикалық-географиялық болжамды тиімді жасауға мүмкіндік береді. Бағалауда бақылау парағын пайдалану оқушының өзіндік болжау дағдыларына өзіндік интроспекциясын анықтауға мүмкіндік береді, бұл оқушының зерттеу әрекетінің дамуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

Росефски Сааведра А., Дарлеен Опфер В. XXI ғасыр дағдыларын оқыту және оқу. Оқу туралы ғылым сабақтары//RAND Corporation. Сәуір, 2012.

Hattie J. Visible Learning for Teachers: Maximizing Impact on Learning», 2012.

Wilson D., Conyers M. Teaching Students to Drive Their Brains: Metacognitive Activities, and Lesson Ideas. English, 2016.

Исследовательские работы и проекты. URL: <https://obuchonok.ru/vsprojekti> (Өтініш берілген күн: 15.01.2023).

Иксанғалиева Ж.У. Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау әдістері. URL: <https://bilim-all.kz/jospar/5234-Ozat-pedagogikalyq-tazhiribeni-zertteu-zhinaqtau-adisteri> (Өтініш берілген күн: 19.05.2023).